

**4-тақырып**

**Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы.  
Қылмыстық жауаптылық негізі**

**Дәріскер: PhD Рахимова Г.Н.**

---

# Жоспары

---

1. Қылмыстық жауаптылықтың түсінігі
2. Қылмыстық жауаптылықтың негізі
3. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының ұғымы
4. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері
5. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарын топтаудың әдістері:

.

# Қылмыстық жауаптылықтың түсінігі

---

Құқықтық жауапкершіліктің ішіндегі ең қатал түрі қылмыстық жауаптылық болып табылады. Заң әдебиеттерінде «қылмыстық жауаптылық» жиі кездесетін термин. Мәселен, қылмыстық құқықта қылмыстық жауаптылықтың негізі, қылмыстық жауаптылыққа тарту, қылмыстық жауаптылықтан босату, қылмыстық жауаптылықтың көлемі сияқты басқа да ұғымдар қолданылады.

Кінәлінің қылмыс жасауы нәтижесінде пайда болатын қылмыстық-құқықтық қатынастар, оның ішінде жеке алғанда қылмыстық жауаптылық туралы сұрақ теориялық қана емес, сонымен қатар өте маңызды тәжірибелік мәселе. Қылмыстық-құқықтық қатынасты және қылмыстық жауаптылықты дұрыс түсіну болашақта қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарының одан әрі жетілуіне басты негіз болып табылады.

## **Қылмыстық жауаптылыққа қатысты қылмыстық құқық теориясында орын алған көптеген көзқарастарды үш негізгі бағытқа бөлуге болады**

---

- Қылмыстық жауаптылық деп, қылмыс жасаған адамның өзі істеген қоғамға қауіпті іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне), қылмыстық заңға сәйкес жауап беру міндетін айтамыз. Кінәлі адамның жауап беру міндеті жеке немесе мүліктік сипатта болуы мүмкін. Бұл көзқарас көптеген оқулықтар мен ғылыми жұмыстарда көрсетілген.
- Қылмыстық жауаптылық дегеніміз, қылмыс жасаған адамға сот үкімімен тағайындалатын қылмыстық заңда көрсетілген мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы. Ол қылмыстық құқық нормасындағы санкцияның жүзеге асуын көрсетеді, яғни кінәліні соттау, оған жаза тағайындау.
- Қылмыстық жауаптылық деп, қылмыс жасаған адам мен мемлекет атынан қызмет ететін құқық қорғау органдары арасындағы бүтіндей алғанда қылмыстық заңмен реттелетін барлық қылмыстық-құқықтық қатынастардың жиынтығы.

# Қылмыстық жауаптылықтың маңызды белгілері

---

біріншісі, қылмыстық жауаптылықтың әлеуметтік мазмұны.

Қылмыстық жауаптылық ұғымын анықтауда, оның әлеуметтік мазмұнына көңіл бөлмеу, аталған ұғымның толық анықтамасын бермейді. Қылмыскерге қылмыстық жауаптылық жүктеу, оның теріс қылығына моральдық саяси баға беріп мінеу және мемлекет пен қоғам тарапынан қылмысын бетіне басу қылмыстық жауаптылықтың әлеуметтік мазмұнын құрайды.

Екіншісі, қылмыстық жауаптылықтың заңдылық жағы. Мемлекет өзінің тиісті органдары арқылы қылмыс жасаушыға мемлекеттік-мәжбүрлеп күштеу шарасын қолданады. Қылмыс істеген адамға қолданылатын мемлекеттік күштеу шаралары заңдылық белгіні құрайды.

# Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық жауаптылықтың негізі

---

1. іс-әрекетте қылмыс құрамының барлық белгілері болғанда ғана жүктеледі, яғни қылмыстық жауаптылық басқа құқықтық жауаптылық түрлерінен қолдану негізі бойынша ерекшеленеді. Сонымен қатар, бұл жауаптылық өзінің мазмұны жағынан, басқа жауаптылықтарға қарағанда неғұрлым қатаң болып табылады.
2. қылмыстық жауаптылықты қолдану тәртібі басқа жауаптылықтарға қарағанда, тек қана қылмыстық іс жүргізу заңдылығында бекітілген тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Оған сәйкес, қылмыстық жауаптылық тек қана сотпен және соттың заңды күшіне енген айыптау үкімімен тағайындалады. Қазақстан Республикасы атынан әрекет ететін соттан басқа органдар немесе лауазымды адамдар қылмыстық жауаптылықты тағайындай аламайды.
3. үшінші ерекшелігі, қылмыстық жауаптылық жүктелетін субъектілердің шегіне байланысты. Қылмыстық жауаптылық есі дұрыс, заңда көрсетілген қылмысы үшін жауап беру жасына жеткен тек қана жеке тұлғаға (азаматтық құқық бойынша заңды тұлға болуы мүмкін) жүктеледі.

# Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының ұғымы

---

"Қылмыс құрамы" термині алғаш рет ҚР 2014 жылғы Қылмыстық кодексінде 4 баптақолданылды. Осы бапқа сәйкес "Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері баріс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады.

Дәл сол бірқылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қылмыстық жауаптылыққа қайталап тартуға болмайды. Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді".

---

# Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы дегеніміз - бұл қоғамға қаупті әрекетті қылмыстық құқық бұзушылық ретінде сипаттауғы мүмкіндік беретін, заңмен реттелген және міндетті болып табылатын объективті және субъективті белгілердің жиынтығы

# Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері

---

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы 4 элементтен құралған. қылмыстық құқықбұзушылық объектісі,

объективті жағы,

субъективті жағы

субъектісі.

Бұл элементтер 4 сұрақты анықтауға бағытталған: кім ? (қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі), кімге немесе неге? (қылмыстық құқық бұзушылық объектісі), қалай? (қылмыстық құқықбұзушылық объективтік жағы), не үшін, қандай мақсатпен ? (қылмыстық құқық бұзушылықсубъективтік жағы).

# Қылмыс құрамының элементтерінің түсінігі

---

- 1) қылмыстық құқық бұзушылық объектісі дегеніміз қылмыстық-құқықтық қорғалатын қоғамдық қатынас. Басқа сөзбен айтқанда қылмыстық құқық бұзушылық объектісі дегеніміз - бұл, қылмыстық құқық бұзушылық бағытталған қатынас, зат, игілік, құндылық.
- 2) қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы қылмыстың сыртқы белгілері, яғни бұл: әрекет және әрекетсіздік, қоғамға қауіпті салдар, әрекет пен салдардың арасындағы себепті байланыс, сондай ақ қылмыстық құқық бұзушылық орны, уақыты, жағдайы, әдісі және басқа нақтылауға мүмкіндік беретін белгілер.
- 3) қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі екі белгі бойынша қарастырылады - жасымен және психикалық денсаулығымен.
- 4) қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағы қылмыс жасаған адамның жасаған әрекетіне деген ішкі моральдік, психологиялық көзқарасы. қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы - кінә, ниет және мақсатпен анықталады.

# Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының міндетті және факультативті белгілері

Міндетті белгілер:

А) қылмыстың объектісін сипаттау үшін - қылмыс қол сұғып отырған қоғамдық қатынас.

В) қылмыстың объективтік жағын сипаттау үшін - қоғамға қауіпті әрекет.

с) қылмыстың субъективтік жағын сипаттау үшін - кінә (қасақаналық және абайсыздықнысандарында).

Г) қылмыстың субъектісін сипаттау үшін - жеке тұлға, есі дұрыстық және қылмыстық жауаптылық басталатын жас. Факультативті белгілер

А) қылмыстың объектісін сипаттау үшін - қылмыстық қосымша объектісі, қылмыстың заты.

Б) қылмыстың объективтік жағын сипаттау үшін - қоғамға қауіпті салдар, себепті байланыс, қылмыстың орны, уақыты, құралы, әдісі.

В) қылмыстың субъективтік жағын сипаттау үшін - ниет, мақсат

Г) қылмыстың субъектісін сипаттау үшін - арнайы субъект.

# Қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарын топтаудың әдістері

---

Қоғамға қауіптілігі дәрежесі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары - негізгі, жеңілдетілген және ауырлатылған деп бөлінеді. Қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі құрамы - қылмыстық құқық бұзушылық туралы негізгі және шектелген мәлімет қана берілетін қылмыс құрамы. Мысалы: - адам өлтіру (ҚК99 б. 1 тармағы)


# Сараланған және жеңілдетілген қылмыс құрамы

---


Сараланған қылмыстық құқық бұзушылық құрамы - әрекеттің қоғамға қауіптілігін және жазаны ауарлататын белгілерді қосу арқылы жасалады. Жеңілдетілген қылмыс құрамы - негізгі қылмыс құрамына, әрекеттің қоғамға қауіптілігіне елеулі түрде төмендететін белгілерді қосу арқылы жасалады. М. (Адам өлтірудің 100-103б.б. көрсетілген түрлері.

# Қылмыстың объективтік жағының белгілерін заңда сипаттауына байланысты қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары

---



Материалды  
құрам



Формальды құрам

# Мәні нені білдіреді?

---

Объективтік жағы тек қана бір заңдылық белгіден қоғамға қауіпті іс-әрекеттен құралған формальды қылмыс құрамы.

Объективтік жағы қоғамға қауіпті іс-әрекетпен қатар нақты белгілі бір қоғамға қауіпті зардапты көрсеткен қылмыс құрамы мариалдық құрамды көрсетеді.

**Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы элементтерінің заңда көрініс табуына  
байланысты қылмыс құрамдары - жай және күрделі болып бөлінеді**

Жай қылмыс құрамында бәрі де бір бірден болады. Бір объект, бір субъект, бір әрекет, бір кінәнің нысаны

Күрделі қылмыс құрамы- бірнеше объект, субъект және әрекеттен тұрын айтады.

# Жағдаяттық тапсырма:

---

Жағдаяттық тапсырма: Барановтың меншік үйінде оның өзі және мүгедек-креслосындағы мүгедек көршісі Цой арасында ұрыс пайда болды, ұрыс кезінде Баранов Цойдің мүгедек-креслосын тартып алды.

Ұрыстан кейін Баранов Цойды өз үйінде қалдырғысы келмеген, оны түн ортасында далаға алып шығып сырқы киімсіз 30-градус аязда қардың үстінде қалдырып кетті. Нәтижесінде Цой тоңазыту салдарынан қайтыс болды.

*Қылмыс құрамның қайсысына жатқызамыз? Жасалған әрекетті саралаңыз.*